



БҰЙРЫҚ

2018 ж. 07 сәуірде
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 308
город Астана

**«Еңбек ресурстарын дамыту
орталығы» акционерлік
қоғамының директорлар кеңесі туралы
ережені бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 4 және 5-тармақтарына, 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына және 53-бабына, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы жарғысының 24-тармағының 16) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі туралы ереже бекітілсін.

2. «Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 7 маусымдағы № 239-ө-м бұйрығының күші жойылсын.

3. Осы бұйрық «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



М. Әбілқасымов

М. Әбілқасымова

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының
Директорлары кеңесі туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының Директорлары кеңесі туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Акционерлік қоғамдар туралы» 2013 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) мәртебесін, құрылу және қызметінің тәртібін және оның Қоғамның басқа органдарымен өзара әрекеттесу тәртібін, Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігін, сонымен қатар олардың құзыретін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау тәртібін айқындайды.

3. Директорлар кеңесі өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексің, Заңды және Қоғам Жарғысын (бұдан әрі – Жарғы), осы Ережені және Қоғамның басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

4. Директорлар кеңесінің қызметі адалдық, тиімділік, жеделділік, ниеттілік және жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

2. Директорлар кеңесінің мақсаттары мен міндеттері

5. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаты Жалғыз акционер мүдделерінің барынша сақталуын қамтамасыз ету және Қоғамның тұрақты өсіміне қол жеткізу болып табылады.

6. Жоғарыда көрсетілген мақсатты іске асыру үшін Директорлар кеңесі өз құзыреті шегінде келесі міндеттерді шешеді:

1) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сәйкестігін қамтамасыз етеді;

2) Қоғамның қолданыстағы заңнама нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді.

3. Қоғам Директорлар кеңесінің құзыреті

7. Директорлар кеңесі Заңда және Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылатын мәселелерді шешуден басқа, Қоғам қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады, оның ішінде:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) акцияларды орналастыру (сату), жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) даму жоспарын бекіту, сондай-ақ Қоғамның бекітілген даму жоспары мен Қоғамның даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті түзету;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларға сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) Президенттің лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

9) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және оған сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

10) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

12) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

13) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамның міндеттемелерін меншікті капиталының он және одан да көп пайызына тең болатын шамаға ұлғайту;

15) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

16) нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иелікте шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле күніне нәтижесінде акционерлік қоғам активтерінің балапстық құшының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті қоғам иелігінен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

17) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын Заң мен Жарғыда көзделген өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

8. Директорлар кеңесінің қоғам жарғысына сәйкес оның Президентінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

9. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Президентке шешу үшін беруге болмайды.

10. Директорлар кеңесі:

1) Қоғам құжаттарымен танысуға және оларды, бағалы қағаздардың және мүліктің болуын тексеруге;

2) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру (ревизия) жүргізуді талап етуге;

3) Жалғыз акционер кандидаттар ұсынбаса немесе жеткіліксіз санын ұсынса, Жалғыз акционерге Директорлар кеңесіне сайлауға кандидаттарды ұсынуға (кеңес беруге);

4) өз құзыреті шегінде өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы.

11. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды адамдар деңгейінде әлеуетті мүдделер қақтығыстарын, соның ішінде Қоғам мүлкін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде қызметті теріс пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

4. Директорлар кеңесінің құрамы

12. Тек жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

13. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 5 (бес) адамды құрауға тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

14. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің шешімі бойынша аяқталады.

15. Президент Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

16. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

17. Директорлар кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің өкілеттігі Жалғыз акционердің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

18. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі мұндай хабарламаны алғаннан кейін тоқтатылады.

19. Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционердің шешімі бойынша сайланады.

Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Жарғыда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар, шексіз рет қайта сайлана алады.

5. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

19. Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғам мүмкіндіктерін Жарғыда және Ережеде көзделгеннен басқа мақсаттарда пайдалануға құқылы емес. «Қоғамның мүмкіндіктері» деген термин Қоғам мүлкі, Қоғамға тиесілі мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар, Қоғамның жоспарлары мен ниеттері туралы құпия ақпарат деп түсініледі.

20. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін қамтитын жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуды талап етуге құқылы.

Директорлар кеңесінің төрағасы жиналысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастама жасаушы осы талаппен Президентке жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы өтініш түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, егер Жарғыда өзгеше мерзім белгіленбесе, оны шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндетті түрде шақыру арқылы өткізіледі;

2) Директорлар кеңесі қарайтын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге (Директорлар кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі туралы ережеге 1-қосымшаға сәйкес өзінің көзқарасын (айрықша пікірін) жазбаша түрде білдіруге құқылы);

3) Директорлар кеңесінің отырыстарына Директорлар кеңесінің бекітілген күн тәртібінде қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға;

4) сұраулар жіберуге және Қоғам қызметінің барлық аспектілері бойынша Қоғамның лауазымды адамдарынан өз құқықтары мен міндеттерін орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды алуға;

5) Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес сыйақы және Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауына байланысты шығындарды (шығыстарды) өтеу сомаларын алуға;

6) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларымен танысуға және олардың көшірмелерін алуға;

7) Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін толықтыру туралы ескертілген жағдайда оны толықтыруға;

8) Қоғамның әлеуметтік пакетін пайдалануға;

9) Заңда және Жарғыда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

21. Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) Жалғыз акционер мен Қоғам мүдделерінде өз қызметін адал және жауапты жүзеге асыруға;

2) өзі, Қоғам және Жалғыз акционер арасындағы мүдделер қақтығысына әкелуіне немесе әкелуі мүмкін іс-әрекеттерден бойын аулақ ұстауға; ал ондай қақтығыс болған немесе пайда болған жағдайда жазбаша түрде Директорлар кеңесінің төрағасына сол туралы дереу хабарлауға;

3) жасалған жағдайда өзі мүдделі адам болып табылуы мүмкін мәмілені Қоғаммен жасасу ниеті туралы, мұндай мүдделіліктің негіздемесін көрсетіп, сондай-ақ өз атынан Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының бағалы қағаздарымен (қатысу үлестерімен) мәміле жасасу ниеті туралы Қоғамның корпоративтік хатшысы арқылы Директорлар кеңесіне жазбаша түрде дереу хабарлауға;

4) дауыс беретін акцияларын немесе үлестерін жеке өзі немесе филиалдарымен бірлесе иеленетін заңды тұлғалар туралы мәліметтерді Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге;

5) шешім қабылдауда мүддесі болатын мәселелер бойынша дауыс бермеуге;

6) Қоғамның атқарушы органына өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабарлауға;

7) мұндай ақпаратқа қолы жетпейтін адамдарға Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде және егер Қоғамның ішкі құжаттарында ұзағырақ мерзім көзделмесе, Қоғамдағы жұмысы аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл бойы жеке мүддесі немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін Қоғам туралы ақпаратты, оның ішінде құпия және басқа да қызметтік ақпаратты ондай ақпаратқа қолжетімділігі жоқ адамдарға жария етпеуге және пайдаланбауға;

8) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген, Қоғамның қауіпсіздік режимімен және құпия ақпаратының сақталуымен байланысты барлық қағидалар мен рәсімдерді сақтауға;

9) ресми іс-шараларды өткізу кезіндегі кәдесыйлардан басқа, жеке немесе заңды тұлғалардан өзінің лауазымдық өкілеттіктері шегінде Директорлар кеңесі мүшесінің қабылдаған немесе жасаған шешімдері мен әрекеттері үшін сыйақы

ретінде қарастырылуы мүмкін немесе сондай болып табылатын сыйлықтар, қызметтер немесе қандайда бір артықшылық алмауға;

10) өзінің аффилиирленуі және оны өзгерту туралы уақтылы хабардар етуге;

11) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға және Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің Жарғысына және шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарында пайдалануға және мәмілелер жасау кезінде өзінің аффилиирленген тұлғаларын теріс пайдалануға жол бермеуге;

12) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге;

13) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың жария етілуі мен ұсынылуын бақылауға міндетті.

6. Директорлар кеңесінің төрағасы

22. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен оның мүшелерінің жасырын дауыс беруі арқылы сайланады. Директорлар кеңесі кез-келген уақытта, егер Жарғыда өзгеше көзделмесе, Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

23. Директорлар кеңесінің төрағасы жұмысты ұйымдастырады, Директорлар кеңесі отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді, отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің талқыланатын мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіруіне мүмкіндік беруге және Жалғыз акционердің мүддесінде Директорлар кеңесі мүшелерінің келісілген шешімге келуіне ықпал етуге тиіс. Бұл ретте, ол принципіалдылық танытып, Қоғам мүддесі үшін әрекет етуге тиіс.

24. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыруды және оның Қоғамның басқа органдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге тиіс.

25. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

7. Директорлар кеңесінің отырысы

26. Директорлар кеңесінің отырысын Жалғыз акционер, Директорлар кеңесінің төрағасы өз бастамасы бойынша немесе Президент не Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі, ішкі аудит қызметі Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым талабы бойынша шақыруы мүмкін.

27. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына жазбаша түрде жіберіледі және мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

1) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер;

- 2) отырысты шақыруға бастама жасаушыға сілтеме (бастама жасаушының тегі, аты, әкесінің аты);
- 3) күн тәртібіндегі мәселелер;
- 4) көрсетілген мәселелерді қарау қажеттілігінің негіздемесі;
- 5) ілеспе материалдар.

Талапқа отырысты шақыруға бастама жасаушы қол қоюға тиіс.

28. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алады.

29. Директорлар кеңесі отырыстарының күндізгі және сырттай нысанда өткізілетіні көзделген.

Директорлар кеңесі отырыстарының екі нысанын біріктіруге болады. Бұл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатыса алмаған жағдайға қатысты. Бұл ретте Директорлар кеңесінің жоқ мүшесі техникалық байланыс құралдарын (e-mail, телефон, селекторлық, факсимильді байланыс және т.б.) пайдалану арқылы қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады және өз пікірін жазбаша түрде ұсынуға тиіс.

30. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі отырысын шақыру және дайындау тәртібін қамтамасыз етуге, ал Директорлар кеңесінің мүшелеріне оны өткізуге тиісті түрде дайындалуға мүмкіндік беруге тиіс.

31. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы өтініш түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Президент оны шақыруға тиіс.

Күн тәртібіндегі материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжіліс өткізілгенге дейін күнтізбелік жеті күн бұрын ұсынылады:

- 1) қаралатын мәселе бойынша түсіндірме жазбамен бірге шешім жобасы;
- 2) бекіту туралы мәселе Директорлар кеңесінің қарауына берілсе, ішкі құқықтық актінің немесе құжаттың жобасы.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

32. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесі туралы ережеге 3-қосымшаға сәйкес дауыс беруге арналған бюллетеньдерді Директорлар кеңесінің мүшелеріне хатпен пошта арқылы, факсимильді немесе электрондық байланыс арқылы жіберу не қол қоюға тарату жолымен жүзеге асырылады:

1) материалдарды факсимильді немесе электрондық байланыс арқылы алған Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньді толтырады және толтырылған бюллетеньді факсимильді немесе электрондық байланыс арқылы Қоғамға жібереді, сонымен бірге толтырылған бюллетеньнің түпнұсқасын жібереді.

2) дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс беру нұсқаларының біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі;

3) егер Директорлар кеңесі мүшесінің сырттай дауыс беру үшін шығарылатын мәселелер бойынша құжаттарға немесе шешім жобаларының тұжырымдамаларына ескертулері (ұсыныстары, толықтырулары) болса,

Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньді жауапты лауазымды адамға беруге, өз пікірін Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне жіберу мақсатында бар ескертулері (ұсыныстары, толықтырулары) туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

33. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен екісін құрайды.

34. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша кворумды және дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде Директорлар кеңесінің отырысына келмеген Директорлар кеңесі мүшесінің осы Ережеге сәйкес ресімделген пікірі ескеріледі.

35. Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша пікірін Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін ұсынуға тиіс.

36. Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешкен кезде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауысын Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруіне тыйым салынады.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

37. Директорлар кеңесінің отырысында хаттама жүргізіледі. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы ол өткізілгеннен кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

Отырыстың хаттамасында:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) оны өткізудің күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып, дауыс беруге шығарылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нәтижелері;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер көрсетіледі.

Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына отырыста төрағалық етуші және хаттаманың дұрыс жасалуына жауапты болатын Корпоративтік хатшы қол қояды.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру кезіндегі шешімдер Қоғамда сақталады.

8. Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің жауапкершілігі

38. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері өз құқықтарын жүзеге асыруда және өз міндеттерін атқаруда Қоғам мүдделерінде әрекет етуге, өз

құқықтарын Қоғамға қатысты адал және саналы түрде жүзеге асыруға және өз міндеттерін орындауға тиіс.

39. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері:

1) егер заңнамада жауапкершіліктің өзге негіздері мен көлемі белгіленбесе, Қоғамға кінәлі әрекеттерімен (әрсексіздігімен) келтірген шығындары;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Жарғының және Ереженің талаптарын тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

40. Қоғамға залал келтірген шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшелері жауапты болмайды.

41. Егер бірнеше адам жауапты болса, онда олар Қоғам алдында ортақ жауапкершілікте болады.

42. Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігінің негіздері мен көлемін айқындау кезінде іскерлік айналымның әдеттегі жағдайлары және іс үшін маңыздылығы бар өзге де жағдаяттар назарға алынуға тиіс.

9. Қорытынды ережелер

43. Директорлар кеңесі туралы ереже, сондай-ақ оған барлық өзгерістер мен толықтырулар Жалғыз акционердің шешімімен бекітіледі.

44. Осы Ережеде көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

2018 ж. _____ маусымдағы
«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы
ережеге 1-қосымша

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі**

Астана қаласы № _____

20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____

Директорлар кеңесінің мүшесі: _____

Күн тәртібі:

1. _____
2. _____

Шешім шығарды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:

1. _____

ҚОЛДАДЫ



ҚАРСЫ (ерекше пікір)



ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір)



Ескертпе: «қарсы» немесе «қалыс қалды» дауысын берген жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша түрде бөлек қоса берілетін ерекше пікірін білдіреді.

Директорлар кеңесінің мүшесі:

(Т.А.Ә., қолы)

20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____

2018 ж. _____ маусымдағы
«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы
ережеге 2-қосымша

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі отырыстарының _____ жылға арналған кестесі**

Р/с	Күн тәртібіндегі мәселелер	Күн тәртібін қарау мерзімі (айы)	Отырыс нысаны (күндізгі/сырттай)	Қоғамның жауапты құрылымдық бөлімшесі	Аяқталу нысаны



2018 ж. _____ маусымдағы
«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы
ережеге 3-қосымша

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің отырысында сырттай дауыс беру бюллетені**

Астана қаласы № _____ «__» _____ 20__ ЖЫЛ

Қоғамның орналасқан жері: _____

Отырысты шақыруға
бастама жасаған адам: _____

Күн тәртібі:

1. _____

2. _____

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:

1. _____

КОЛДАДЫ



ҚАРСЫ (ерекше пікір)



ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір)



Бюллетенді толтыру тәртібі туралы түсіндірме:

Осы бюллетеньде дауыс беруге қойылған мәселе бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынылған бағандардың біреуіне: «Қолдады», «Қарсы», «Қалыс қалды» қолын не белгі қояды.

Сырттай дауыс беру бюллетені мына мекенжай бойынша ұсынылады:

Директорлар кеңесінің мүшесі : _____

(ҚОЛЫ)

«__» _____ 20__ ЖЫЛ